

Тұрғын үйді пайдалануға төлем мөлшерін белгілеу туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 259 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 қаңтарда N 5-19-139 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 15 қарашадағы N 794 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2012.11.15 N 794 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі № 395 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалгерлік үйлерден өндіріп алынатын жалгерлік төлем есебі әдістемесінің негізінде, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауданның мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалануға ай сайынғы төлем мөлшері **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң **қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

Шемонаиха ауданының әкімі

А. Кәрімов

Шемонаиха ауданы әкімдігінің
2010 жылғы « 29 » желтоқсандағы
№ 259 қаулысына қосымша

Шемонаиха қаласының Жуков көшесіндегі № 21 үйде ауданның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалануға төлем мөлшері

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі № 395 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалгерлік үйлерден өндіріп алынатын жалгерлік төлем есебі әдістемесіне сәйкес, Шемонаиха қаласы Жуков көшесіндегі № 21 үйден 1 айға өндірілетін жалгерлік төлем есебі жалпы алаңы 1 шаршы метр үшін, формула бойынша есептеледі.

$A=56515$ (елу алты мың бес жүз он бес) теңге (тұрғын үй жалпы көлемінің бір шаршы метр құрылысының бағасы): 140 (жүз қырық) жыл (өтемділік мерзімі): 12 (он екі ай) = 33 (отыз үш) теңге 63 (алпыс үш) тиын.

*Шемонаиха ауданы ТКШ, ЖК
және АЖ бөлімінің бастығы И.П. Капорина*